



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Сартрдың экзистенциализмі



Хайдеггердің оңшыл экзистенциализміне қарама-қарсы бағыт ретінде Францияда аздаған уақыт оның жетекшілігімен білім алған Жан-Поль Сартр саяси солшылдардың бағытын ұстанған экзистенциализм формасын дамытты. Олай болса, бүгінгі кейіпкеріміз Жан-Поль Сартрдың жеке тұлғасына бет бұрсақ.

Мартин Хайдеггер – неміс философы, XX ғасырдың ең ұлы философтарының бірі.

Француз драматургы, жазушы және философ Жан-Поль Сартр 1905 жылдың 21 маусымында Парижде дүниеге келді. Кішкентай Жан-Польдің әкесі – Жан Батист Сартр – теңіз инженері болатын. Ал анасы Анн-Мари Швейцер танымал ғалымдардың отбасынан шыққан еді. Жан-Польдің нағашыларының арасындағы ең танымал тұлғалардың бірі – неміс және француз протестанттық теологы, мәдениет философы, гуманист, музыкант және врач (байқап отырғандарыңыздай, жан-жақты дарынды адам болған кісі), кейіннен әлемдік Нобель сыйлығының иегері – Альберт Швейцер. Жан-Поль әкесінен ерте айырылып қалды, отағасы дүниеден өткен соң, оның анасы Анн-Мари кішкентай балақайды нағашы атасы – Шарль Швейцердің үйіне алып кетті.

Жан-Польдің нағашы атасы өте билікқұмар кальвинист болатын, бірақ ол Жанның әкесінің орнын басып қана қоймай, оның бойындағы ерекше дарындылық пен талапты көрегендікпен байқап, дамытуға көп үлесін қосты. Нағашы атасы Жан-Польды орта мектептен шығарып алып, ол үшін ең үздік үйден оқытатын мұғалімдерді жалдады. Бірнеше жыл Жан-Поль үйден шықпай, бар уақытын білім алуға, ізденуге жұмсап өткізді. Оның өмірі 1917 жылы анасы қайтадан тұрмысқа шығуына байланысты Ла-Рошельге көшкен кезден бастап өзгерді.

Жасөспірім шақтағы Жан-Поль Сартр

1920 жылы Сартр Парижге оралып, ол жақта Генрих IV лицейін тәмамдады. Сол кезде жас жазушының алғашқы шығармалары жергілікті мерзімдік баспаларда басыла бастады. Осыдан кейін Сартр Жоғары нормал мектебінде философияны оқуға кірісті. Одан соң Сартр өміріндегі Францияның метеорологиялық әскеріндегі қызмет пен түрлі лицейлеріндегі оқытушылық кезеңі орын алды. Осы кезде Жан-Поль Сартр Симона де Бовуармен танысып, жақындаса бастаған болатын, кейіннен бұл әйел оның серіктесі мен сенімді әріптесіне айналды. Жан-Поль Сартр Симона де Бовуар мен Морис Мерло-Понтимен біріге отырып, «Жаңа замандар» журналының негізін қалады.

Жан-Поль Сартрдың жастық шағы

Өзінің алғашқы ауқымды туындыларын, соның ішінде адамзатқа болмыстың абсурд сипатын көрсетуге арналған танымал «Лоқсу» атты философиялық еңбегін Сартр 20 ғасырдың 30 жылдары жазып шықты. Сол кезде баспадан көптеген дау тудырған «Қабырға» атты новелла жарық көрді. Бұл екі туынды да кейіннен «Жыл кітабы» атағына ие болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған тұста жазушы өзі қызмет еткен метеорологиялық әскерге қайта оралуға мәжбүр болды, бірақ көру қабілетінің нашарлығына байланысты ол әскердің алғы шептеріндегі күреске қатыса алмады. Өмірінің бірнеше айын Сартр Трирдің маңындағы әскери тұтқындарға арналған концлагерьде өткізуге мәжбүр болды. Парижге оралған соң философ көп уақытын саясатқа арнап, Қарсылық көрсету қозғалысына көмектесетін қоғамның негізін қалады. Осы кезде Сартр тағы бір танымал философ, өз дәуірінің елеулі тұлғаларының бірі болған Альбер Камюмен танысады. Осы таныстықтың нәтижесінде Сартр «Комба» газетінің редакторы қызметіне тағайындалды.

Осы уақытта жазушының шығармашылығының нәтижесінде «Болмыс және ештеңе» атты философиялық трактат пен «Шыбындар», «Кір қолдар» және «Жабық есік сыртында» деп аталатын бірнеше пьеса жарық көрді. Бұл туындылардың танымал болғаны сонша, Сартр оқытушылық қызметін тоқтатып, өзін толығымен шығармашылыққа арнады. Келесі бірнеше жылда жазушының еңбектері тізімі Жан Жене мен Шарль Бодлердің өмірі мен шығар-



машылығына байланысты зерттеулермен, «Еркіндік жолдары» атты аяқталып үлгермеген тетралогия және «Сөздер» деп аталған автобиографиялық романмен толықты.

Осындай белсенді шығармашылық қызмет елеусіз қалған жоқ. 1964 жылы Сартр әдебиет бойынша Нобель сыйлығына ұсынылды, бірақ бұл сыйлықтың лауреатының атағы оның саясаткер ретіндегі қызметіне кедергі келтіреді деп қорқып, жазушы бұл марапаттан бас тартты.

Өмірінің келесі 20 жылын Жан-Поль Сартр әдебиет пен философияға қарағанда, саясатқа көбірек арнады. Венадағы халықтар конгресінде бейбітшіліктің жақтасы ретінде ол Әлемнің Бүкіләлемдік Кеңесінің бір мүшесі ретінде сайланды.

Өмірінің соңғы жылдары Сартр денсаулығына байланысты көп қиналды. Тез дамыған глаукоманың кесірінен оның көру қабілеті нашарлап кетті. Бұдан әрі ол жаза алған жоқ, бірақ сұхбаттарды көп берді. Оған қоса, ол саяси оқиғаларға байланысты достарымен үнемі пікірталастар жүргізуден танбады. Музыканы көп тыңдады. Әрі Симона де Бовуардың дауыстап оқыған кітаптарынан рақаттануды әдетке айналдырды.

Өз заманының дара тумасы болған жазушы 1980 жылдың 15 сәуірінде дүниеден өтті. Ол шынайылықты басқа қасиеттерден артық санайтын, сол себепті өзінің жерлеу рәсімін ешбір артық у-шусыз өткізуді өтінді. Алайда жерлеу барысында ұлы философтың құрметіне соңғы рет бас иіп, қоштасуға асыққан 50 мың париждік тұрғындар жиналды.

Енді Сартрдың философиясына назар аударсақ. Ол өзінің жеке философиялық дүниетанымын 1933–35 жылдарда Берлин мен Фрайбургте өрбітіп, қалыптастырды. Кейіннен Сартрдың осы концепциясы 1936 жылы жария болған екі философиялық монографияда көрініс тапты. Біріншісі: «Эго мен қиял трансценденттігі: психологиялық сын». Одан кейін 1938 жылы «Лоқсу» атты роман мен келесі жылы «Эмоциялар теориясының нобайы» жарық көрді.

Сартрдың соғысқа дейінгі шығармалары феноменологиялық бағыттағы ақыл-ой философиясының тиянақты зерттеулері болып табылады. Хайдеггер сияқты Сартр да Гуссерльдің феноменологиялық редукцияны жеткілікті түрде қабыл алмағанына ренішін білдірді. Гуссерль Декарттың эгосын, яғни ойлау субъектісін ой-сананың негізі ретінде түсінді, бірақ шын мәнінде, бұл олай емес: көріп немесе естіп отырған нәрсеге беріліп жатқанда мен өзім туралы ойланбаймын. Рефлексияның көмегімен ғана біз өзімізді объектіге айналдырамыз, демек, егер біз тыңғылықты феноменолог болғымыз келсе, онда біз рефлексияға дейінгі санадан бастауымыз қажет. «Мен», яғни ойлау объектісі – санадан тыс нәрсе, сондықтан ол трансцендентті әлемге басқа ақыл-ойлардан кем емес тиесілі.

Сартрдың «Қиял» еңбегі басқа философтардың, әсіресе, Юмның көзқарасында кеңінен кездесетін мынадай бір ойды, яғни өз қиялымызда біз ішкі менталды әлемнің мазмұнын зерттейміз деген ұғымды қатаң сынға алды.

Сартр философиясының негізі – адам болмысын саналы, еркін іс-әрекет ретінде түсіну проблемасы. Философты қызықтыратын мәселелердің адамдардың күнделікті тұрмыстағы рухани өмірінің сауалдарымен шектелуі оның еңбектік экономикалық қызметінің саласын адамның өз-өзіне ие бола алмайтын, оған міндеттелген нормаларға бағынышты ететін, яғни шынайы, толыққанды тіршілік ете алмайтын орта ретінде түсінуіне байланысты. Сартр туындыларындағы кейіпкерлердің осындай жағдайға қатысты реакциясы – өзін-өзі қоғамнан оқшаулау немесе өзіне қолайсыз шындықтан қашуға тырысу.

Жан-Поль Шарль Эмэр Сартр – француз философы, атеистік экзистенциализмнің өкілі, жазушы, драматург, эссеист, педагог.

Оқшаулау тақырыбы «Жабық есік сыртында» атты пьесада, «Бөлме» новелласында және «Альтондық қамалушылар» дейтін пьесада өрбітіледі. «Жабық есік сыртында» атты пьесада өңсіз бір қонақұйдің бөлмесіндегі кейіпкерлердің жан азабы сипатталады. Ал «Бөлме» новелласындағы оқиға желісі есі ауысқан ер адам мен оны тастап кетуден бас тартқан әйелінің бейнелері суреттеледі. Объективті де, субъективті де еркіндіктің болмауының ауыр сезімін «Қабырға» новелласындағы тұтқынға алынған испандық республикашылдар бастан өткереді. Дәл осы тақырып «Жерлеусіз өліктер» атты пьесада қарсы қозғалыстың қамауға алынған күрескерлерінің жазаны күту барысындағы сезімдері кескінделеді. Осы шығармалардың бәрінде де еркінсіздік, қорқыныш, душарлық пен азаптанудың жан ұшырарлық ортасындағы адамдар өздерінің адами намысын сақтап қалуға бар күшін салады. Ал Сартрдың «Болмыс



және бейболмыс» деген басты философиялық еңбегінде шынайы болмысты түсіндірудің әрекеті көрініс табады.

Сартрдың айтуынша, эмоциялар да оларды пассивті ішкі сезінулер ретінде қарастыратын болсақ, дұрыс қабылданбайды. Эмоциялар дегеніміз – әлемді түсінудің ерекше бір мәнері: мысалы, біреуге қатысты жеккөрушілікті сезіну дегеніміз – ол адамды жеккөрінішті адам ретінде қабылдау. Бір қарағанда эмоциялар дегеніміз – біздің қоршаған ортаны бейтарап, арнайы бір ұстанымсыз қабылдауымыздың көрінісі сияқты болып көрінеді; алайда Сартр эмоцияларды біздің ортамызды «сиқырлы түрде түрлендіріп жіберу» амалы ретінде сипаттайды. Біз күйзеліске ұшырағанда, мысалы, бұл бір осы әлемге жасалған дуа сияқты, біздің жағдайды түзетуге бағытталған қандай болмасын әрекетіміз мәнсіз болып көрінеді.

Сартрдың пікірінше, адам өмірі алдын-ала Жаратушымен де, міндетті жағдайлармен де, абсолютті адамгершілікті заңдармен де анықталмайды. Мен қашып құтылмайтын жалғыз қажеттілік – таңдау жасау қажеттілігі. Адами еркіндік абсолютті, бірақ ол алаңдау мен қобалжуға да себеп болады. Біз бұл жайтты өзімізден де жасыруға және моральдің, қоғамның және діннің бізге зорлап міндеттейтін рөлін мойнымызға алып, атқаруға талпынамыз. Бірақ біздің осындай күш салуымыз о бастан жүзеге аспайды. Себебі, сайып келгенде, біз екіжүзділікке ұрынамыз, таңдау бостандығынан өз еркімізбен бас тартып, өзіміздің шынайы болмысымызды мүлде қарапайым бір нәрселермен шектеуге тап боламыз. Сартр бұл жағдайды «ықылассыз сенім» деп атайды.

Соғыстан кейінгі жылдары Сартр мен Симона де Бовуар Париждің сол жағалауының мәдени және интеллектуалды өмірінің орталық тұлғаларына айналды. Осы кезде Сартр бірқатар табысты романдар мен пьесаларды жазып шықты. Олардың арасындағы ең танымалдарының бірі – «Тұтқында» деген туынды. Бұл еңбекте Сартр жиі айтылатын тезис: «Тозақ дегеніміз – басқа адамдар» деген сөзді келтіреді.

Жан-Поль Сартрдың сөзіне қарағанда, адамның өмірі дегеніміз – еркіндік жүзеге асатын өз-өзінен жатсынудың жүйелі бір тізбегі іспеттес. Адамға о бастан еркіндік тән, ол ешқандай себептерді, негіздемелерді қажет етпейді, ол өткен шақтан да, осы шақтан да тәуелсіз болуды білдіреді, яғни оларға қарай икемделмеуі тиіс. Еркіндік дегеніміз – осының бәрінен қол үзу, оларға қарсы шығу. Еркін болу дегеніміз – осы әлемде өзгеріп отыру мүмкіндігіне ие болу, әрекет етуге қабілетті болу дегенді білдіреді. Сартрдың пікірінше, адам өз қалауларын жүзеге асырудың шынайы мүмкіндіктеріне тәуелсіз еркіндікке ие. Осы тұрғыда, объективті жағдайлар адамды бостандығынан айыра алмайды. Еркіндік кез келген жағдайда сақталуы мүмкін, әрі қоршаған ортаның құбылыстарына деген қатынасты таңдау мүмкіндігін білдіреді. Мысалы, тұтқындағы адам өзінің осындай жағдайына көніп, шыдауы мүмкін немесе зорлық-зомбылыққа қарсы бас көтеріп, иілмеген күйі өмірімен қош айтысуы мүмкін. Еркіндікті осылай түсіну оның қатып қалған негіздеріне қарсы шығудан туындайды. Себебі еркіндік адамды қоршаған жағдайларға немесе адамның соларға деген көзқарасынан тәуелсіз болуы тиіс.

Сартрдың ойынша, әлемнің алдында адам жалғыздықты өткір сезінеді, бұл тек оның қиналуына ғана шарт болмай, оның ұстанымдарын, құқықтарын және міндеттерін белгілеп отыратын әлемдегі өз орнын көрсететін құралға айналады. Бұл әлемге «тасталған» адам, қайғыру мен алаңдауды сезініп, олардың арқасында өз бостандығын ұғына бастайды. Адам кез келген жағдайда еркін бола алады. Бірақ еркіндік құтыла алмайтын ауыр бір жүкке айналады. Бір нәрсені қалау еркіндігі, Сартр бойынша, – оның ең жоғары көрінісі. Сартрдың еркіндікті түсінуі мінез-құлықтың сан түріне жол ашатын теңқұқықты мүмкіндікті білдіреді.

Адам өлім алдында өзінің өмірінің мәніне көз салып, оның тұңғышына бойлайды. Өлім, ажал үрейден бұрын, өз өміріңнің мағыналы әлде мағынасыз өткеніне назар салуға итермелейді. Өмір сүру – мағынаға ие болу емес, өмірді толыққанды сүру, барынша өз таңдау еркіндігің арқылы ойдағыдай сүру – басты міндет осы. Бірақ еркіндік дегеніңіздің өзі басқалардың еркіндігімен санасуға тәуелді, толық, абсолютты еркіндік болмақ емес, сенің туу, өлу, өмір сүру еркіндігің бәрібір өзгелермен байланысты. Ата-анаңды таңдай алмайтыныңдай, ажалды да таңдай алмайсың. Ол Жаратылыстың құпиясы. Дегенмен маңдайдағы жазудың бұйыруы деп, қарап отыруға болмайды, адам қандай жағдайда да өмір сүруге құқылы. Өмір қандай жағдайда да маңызды. Мағынасыздық – адымыңның астында емес, ол қашанда сенің алдыңда. Сол секілді мағынаға толы мүмкіндіктер де сенің қарсы алдыңда тұр. Оларды таңдау – адам еркінің барынша жүзеге асуы.



Сартрдың еркіндік концепциясы оның этикасының сипатын анықтайды. Сартрдың адамгершілік ұғымындағы басты нәрсе – жеке тұлғаның еркінің тәуелсіз орындалуы. Адамның жеке еркіндігін Сартр оның әрекеттерінің құнды, не құнсыз болуының жалғыз өлшемі ретінде қарастырады. Оның айтуынша, мораль мазмұны өзгерсе де, бұл моральдің белгілі бір формасы – әмбебап болып қала береді.

Адам өлім алдында өзінің өмірінің мәніне бойлайды. Өлім, ажал – үрейден бұрын, өз өмірінің мағыналы әлде мағынасыз өткеніне назар салуға итермелейді. Өмір сүру – мағынаға ие болу емес, өмірді толық сүру, барынша өз таңдау еркіндігің арқылы ойдағыдай сүру. Бірақ еркіндік дегеніңіздің өзі басқалардың еркіндігімен санасуға тәуелді, толық, абсолютты еркіндік болмақ емес, сенің туу, өлу, өмір сүру еркіндігің бәрібір өзгерлермен байланысты. Ата-анаңды таңдай алмайтыныңдай, ажалды да таңдай алмайсың. Ол Жаратылыснаманың құпиясы. Дегенмен маңдайдағы жазудың бұйыруы деп, қарап отыруға болмайды, адам қандай жағдайда да өмір сүруге құқылы. Өмір қандай жағдайда да маңызды. Мағынасыздық – адымыңның астында емес, ол қашанда сенің алдыңда. Сол секілді мағынаға толы мүмкіндіктер де сенің қарсы алдыңда тұр. Қайсысымен билегің келеді?..

Сартр жазушы болуды армандап, ол үшін арнайы әрекет еткен жоқ, ол өзінің көкейіндегі сұрақтарды көркем түрде бейнелеу үшін жазушылықты таңдады, яғни шынайы болмыс туралы хикаясын адам санасына тереңірек жеткізуге философиялық талдаудан, кең құлашты кітаптардан, «Болмыс пен бейболмыстан» гөрі, әдебиет, нақышты, сазды сөз әлдеқайда тиімді деп білді. Оның көптеген шығармалары өзінің көзқарасын, танымдық дүниелерін қайталай сараптау үшін құрылды. Ол шығармаларында сөйлемді ойнақыландырып, елді таңғалдыруға ұмтылған жоқ – тапқырлық пен шешендік көркемдіктің ғана емес, таза шындықтың да қас жауы екенін елден бұрын сезді – ойды шатастыратын күрделі теңеулерге бой алдырғанша, қысқа әрі мағыналы жазуға зер салды. Оның әр сөйлемінде зілдей ауыр тұжырымдар, қарсылықтар, керіағарлықтар тұнып тұрды. Мұның өзі әдебиеттегі стильге малданудан гөрі, өз ойын шынайы жеткізудің амалы болды. Стильді сен жаратпайсың, стиль сені жаратады. Сөйте тұра, оның шығармалары жүйкеңді ширықтырады, кейде жалықтырады, мағынасыз сезімдер ауанына қамайды. Оны оқыған жан: «Мен не үшін бұлай істеп жүрмін? Адамдар, сірә, олар кімдер?», – деген сұрақтарды қоймай тұра алмайды. Ол өзінің пьесалары арқылы заманды емес, адамды, оның шын болмысын, ішкі кеспірін ашып берді. Батыс театрлары Сартрды сахналауды мәртебе көреді, бірақ мұны сақтықпен орындады. Оның деңгейіне пьесаның сөздерімен емес, ойымен жету парыз.

Сартр адамзат көкірегіне мұңлы алау жақты. Өзіңе жақында, өзіңнен алыстама, өзіңнен қашпа, үңіл, сенің бақытың алыста емес, өзіңде, бүгінде, табаныңның астында, ыстық қаныңда деді. Соны сезіне алсаң болашаққа мағыналы қадам тастамақсың. Неге мұңлы? Өйткені біз шын мәнінде ешкім де емеспіз, қорғансызбыз. Оны түсінбейінше, жер бетінде соғыстар мен өрттер тоқтамақ емес. Оны түсінбейінше, менмендік, кеудемсоқтық, көрсоқырлық тоқтамақ емес. Өзіңнің ешкім еместігіңді жасыру үшін өзгеге жауыға қарайсың. Өзіңді қалайда мойындатқың келеді. Өзгені емес, ең қиыны өзіңді өзіңе мойындату екені естен шыға береді. Өзің иланбағанға, елді қалай иландырмақсың, жазған?! Мұңлы алау – әлсіз, болмашы үміт. Сол үмітті сөндірмеу дұрыс болар. Ал оны сенімге айналдыру, мағынаға толтыру өз қолыңда.

Өзінің бағытынан адасқан әлдебіреулер өзінің мағынасыз ғұмырын әлдебіреулер арқылы мағыналы етуді көксейді. Екі мағынасыздықтан мағына пайда бола ма? Біздің қазіргі тыныштығымыз бұрынғы тыныштықпен ұқсай ма? Болашаққа екі адым жақындасаңыз, өзіңіздің қанша дүниені жоғалтып, қанша дүниеге ие боларыңызды білесіз бе? Қысқасы, өміріңіз қайтсе мағынаға ие болады? Жауабын Сартр қысқа қайырды: «Мен – өзімнен асқан Менмін!». Осыны түсінсең ғана «...өзіңе айнала аласың».

Адамдарға еркіндік сыйлай отырып, философ оларға орасан жауапкершілікті де жүктейді. Бұл жауапкершіліктің әсері әлем мен адамдарға сыни қараудан, әділетсіздік пен зорлық-зомбылыққа кінәлі болуға қатысты алаңдауға және өз-өзін оқшаулап болса да, қоршаған ортаның салмағынан құтылуға талпыныстан көрініс табады. Философ өз өмірін және оның шарттарын, әрі өз-өзін өзгертуге ұмтылғандарды қолдайтынын жазды.

Адамның мәні, адамның болмысы деп кете беретін философиялық сұрақтарға басқа қырынан қарауды ұсынды. Адамның мұңы, үрейі, күйініші мен сүйініші, жалғыздығы, қорғансыздығы, ақыр соңында абсурдқа толы әлемдегі оның орны туралы толғатты. Адамды



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 4-том. Қазіргі заман философиясы
Дәріс: 18. Сартрдың экзистенциализмі

үнемі аңдып жүретін «жаулар» бар, олар: мағынасыздық пен абсурд. Аяғыңды сәл шалыс бассаң құрдымына құлай кетесің. Қайта шығу үшін, қайта туу керек. Өзіңді ішкі әлеміңде қайта жаратуың керек. Демек, сенің еркіндігің бар. Міне, олар ұсынған ең дұрыс жол – таңдау еркіндігі.

Сартрдың туындылары – экзистенциалды философияның керемет үлгісі. Жазушы адам психикасының әдеттегіден тыс, ауытқыған күйлерін, амалы таусылған адамның ақыл-ойы мен сезімдерін тамаша сипаттай отырып, көптеген жалпы адами құндылықтарды сынға алады.